

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	
«НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ	
МӘСЛИХАТЫНЫң АППАРАТЫ»	
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	
<i>29.10.</i>	2019 ж.
No _____	
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11	

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысының қаулысы

Нұр-Сұлтан қаласы

29 қазан 2019 жыл

Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнетіркеу және бейне талдау аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану, балабақшалар салу және пайдалануға беру жөніндегі мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі жергілікті атқарушы органдың мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты тұрақты комиссияларының депутаттары "Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнетіркеу және бейне талдау аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану, балабақшаларды салу және пайдалануға беру бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдың мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы туралы" есебін тыңдалап және талқылай келе, атқарушы органдар осы бағытта нақты жұмыстар жүргізіп жатқанын атап өтті.

Елордада Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнетіркеу және бейне талдаудың аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасы жүзеге асырылуда. Жобаны іске асыру 2017 жылы басталды. Жоба қаланың 400 қылышында және 300 желілік участеклерінде 13000 камера, оның ішінде аппараттық-бағдарламалық кешендер (бұдан әрі – АБК), адамдар көп жиналатын жерлерде 4000 камера орнатуды және қалалық бейнебақылау жүйесіне 3000 бөгде камераларды біріктіруді көздейді.

"Сергек" жобасы 2 кезеңге бөлінген: № 1 Иске қосу кешені және № 2 Иске қосу кешені.

№ 1 Иске қосу кешені 2018 жылы аяқталды және қаланың коммуналдық меншігіне берілді. № 1 Иске қосу кешенінің құрамына: 800 жалпы бейнебақылау камерасы, 200 АБК қылыштарында, 300 АБК желілік участеклерде кіреді. Сондай-ақ 1200 сыртқы бейнебақылау камералары интеграцияланды.

Қазіргі уақытта № 2 Іске қосу кешені бойынша 3200 жалпы бейнебақылау камерасы, 200 АБК қызылтыстарында орнатылған және қосылған, 1 800 камера интеграцияланған, бұл Жобаның 100 пайыздық аяқталуын құрайды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша елордада 2017 жылмен салыстырғанда жолдардағы өлім-жітім екі есеге (60-тан 34-ке дейін) азайды. Жоба 2017 жылмен салыстырғанда ЖКО-ның санын 10% - ға (583-тен 528-ге дейін) және ЖКО салдарынан жарақат алу санын 10% - ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Сондай-ак, Нұр-Сұлтан қаласында жалпы бейнебақылау камераларын орнату және неғұрлым криминогендік аулаларды қамту нәтижесінде қоғамдық орындарда қылмыстың 41% - ға төмендегені атап өтілді.

Елордада 24/7 режимінде жұмыс істейтін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "ІКОМЕК109" Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы (бұдан әрі - "ІКОМЕК109" орталығы) табысты жұмыс істейді, коммуналдық кәсіпорындардың барлық колл-орталықтарын біріктіреді және қала тұрғындарымен байланыс жасаудың бірыңғай нүктесі болып табылады. Барлық өтініштер өндөледі және тіркеу нөмірін бере отырып, тұрғындар өтініштерінің тізіліміне енгізіледі және одан әрі мәселелерді белгіленген мерзімде шешу үшін мемлекеттік органдарға, коммуналдық қызметтерге беріледі. Күн сайын 5000-нан астам өтініш келіп түседі. Өтініштерді өндеу пайызы 99 % құрайды. "ІКОМЕК109" орталығының операторлары барлық байланыс арналарынан тұрғындардың өтініштерін қабылдайды: қалалық әкімдіктің сайты www.astana.gov.kz; чат-бот WhatsApp: +77471090109; чат-бот Telegram: мобиЛЬДІ қосымша iКОМЕК 109; мобиЛЬДІ қосымша Smart Astana(PlayMarket / AppStore); электрондық адрес 109@ikomekastana.kz; қалалық және ұялы телефондардан тегін нөмірі 109.

2018 жылы аудан әкімдері аппараттарының, қала әкімдігі аппаратының және басқармаларының кеңселерінде ресми өтініштер саны 20% - ға төмендеді. "ІКОМЕК109" орталығының қызмет көрсету каталогында оператор бірінші қоңыраудан жауап бере алатын - 1570-тен астам қызмет бар. Тұрғындар өтініштерінің 78 % - ы бірінші қоңыраудан жабылады.

Сонымен қатар, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының депутаттары оң нәтижелерін айта келе, Нұр-Сұлтан қаласында фотобейнетіркеу және бейне талдау аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану, балабақшаларды салу және пайдалануға беру бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша бірқатар мәселелерді анықтады.

Бүгінгі таңда проблемалық мәселелердің бірі "Балабақшаларды салу және пайдалану" мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасын іске асыру болып табылады, оған сәйкес тартылған жеке инвестициялар есебінен қуаттылығы 1680 орындық 6 балабақша салу жоспарланған. Мемлекет тарапынан инженерлік коммуникациялары бар жер участелерін, мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттаманы беру қолдау

болып табылады. Сондай-ақ мемлекеттік әріптес балабақшалар пайдалануға берілгеннен кейін құрылыш бойынша инвестициялық шығындарға өтемақы төлеуді жүргізеді.

Сонымен қатар, жеке серіктестер (инвесторлар) 5 балабақша бойынша құрылышты әлі бастаған жоқ.

Сондай-ақ, бүгінгі күні Жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды төлеу бойынша нұсқамаларды жеткізу мәселесі бар. Анықталғандай, "Қазпошта" АҚ арқылы орта есеппен нұсқамалардың жалпы санының 8% - ы ғана жеткізіледі. Осыған байланысты, Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнетіркеу және бейне талдаудың аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасын іске асыру бойынша жұмыстың барлық тиімділігі бірнеше есеге төмендейді.

Елорда аудандарының кейбір криминогендік аулаларында бейнекамералар орнатылмаған, бұл қаланың қоғамдық қауіпсіздігіне кері әсер етеді.

"ІКОМЕК109" орталығында қыын өмірлік жағдайға тап болған азаматтарға жедел психологиялық көмек көрсете алатын психолог мамандар жоқ. Осы қызметтің кейбір операторлары өз міндеттерін формальды түрде атқаратыны анықталды, өтініш берушілер жарты сағат ішінде тек әуенде тыңдалап, өтінімді қабылдаған оператордан тиісті жауап ала алмай, жауапты құтуге мәжбүр болған фактілер бар.

Талқылау қорытындысы бойынша, жария тыңдауларға қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының депутаттары **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. "Нұр-Сұлтан қаласында фото-бейнетіркеу және бейне талдаудың аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану, балабақшаларды салу және пайдалануға беру жөніндегі мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі жергілікті атқарушы органның мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы туралы" ақпарат назарға алынын.

2. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне ұсынылсын:

"Балабақшаларды салу және пайдалану" мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасының іске асырылуын бақылауды қамтамасыз ету;

қарбалас сағатына жолдарды женілдеті мақсатында мектеп автобустарын енгізу санын ұлғайту мәселесін қарау.

3. "Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы" ММ ұсынылсын:

"Балабақшаларды салу және пайдалану" мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасы бойынша балабақшалар құрылышын жүзеге асыру бойынша тиімді жұмысты ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау;

- шарттық міндеттемелерді орындауына байланысты "Балабақшаларды салу және пайдалану" жобасы бойынша жеке серіктестермен (инвесторлармен) жасалған шарттар бойынша талап-арыз жұмыстарын (өсімакы, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу, шарттарды бұзу бойынша) жүргізу жөніндегі жұмысты күшайту.

4. "Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті" ММ-не, "Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы" ММ-не, "Астана Innovations" АҚ-на ұсынылсын:

Қазақстан Республикасы Жол қозғалысы ережелерін бұзушыларға олардың СМС-хабарландыру арқылы айыппұлдарды төлеу туралы нұсқамаларды жіберуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмысты жеделдешу жөніндегі жұмыс тобын құру;

айыппұлдарды өндіріп алудың тиімділігі мақсатында "Қазпочта" АҚ арқылы жеткізуден басқа нұсқамаларды жеткізудің мүмкіндігін және/немесе басқа да баламаларын қарастыру;

қаланың шетінде, елорданың криминогендік аудандарында (Шұбар, Көктал, Оңтүстік-Шығыс) бейнебақылау камераларын орнату мәселесін қарастыру.

5. "Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті" ММ-не "Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" ММ-мен бірлесіп ұсыну:

елорда жолдарында белгілі бір режимдерді және қозғалыс тәртібін белгілейтін таңбалардың (сызықтардың, жебелердің, жүріс белігіндегі жазулардың және басқа да белгілердің) көрінуін қамтамасыз ету, бейнебақылау камераларымен жолдарда көрінбейтін таңбаларды белгілеу кезінде келіспеушіліктерді болдырмау мақсатында оларды жаңарту жөнінде шаралар қабылдау;

Елорда жолдарының қылыштарында 5.33. "Тоқтау сзықтары" белгілерін орнату бойынша шаралар қолдану;

6. "Қазпочта" АҚ Жол қозғалысы ережелерін бұзушыларға жол журу ережелерін жеткізумен, нұсқамаларды тапсырумен байланысты жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

7. "Нұр-Сұлтан қалалық ортаны регенерациялау басқармасы" ММ; "Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық даму істері басқармасы" ММ ұсынылсын:

"ІКОМЕК109" Орталығының жұмыс сапасын бақылау жөніндегі шараларды күшету;

"ІКОМЕК109" Орталығында жұмыс істеу үшін дипломдалған психологтарды, мүмкіндігі шектеулі адамдарды, сондай-ақ мүгедек балалары бар аналарды тарту жөнінде шаралар қабылдау, бұл ретте олардың жұмысты қашықтықтан орындау жөніндегі мәселені қарап;

"ІКОМЕК109" Орталығы операторының жауаптарын күту кезінде пайдалы ақпараты бар дыбыстық хабарламаны орнату мүмкіндігін қарастыру, оның ішінде өтінім қабылдайтын оператор ақаулы, сапасыз жұмыс істеген жағдайда өтініш адресатын көрсете отырып;

"ІКОМЕК109" Орталығының жұмысын жариялау, күн сайын күрделі түрмистық, қауіпті және төтенше жағдайларды жоюға қатысатын жұмысшы мамандықтарды, операторларды, полиция қызметтерін, төтенше жағдайлар

жөніндегі, мемлекеттік органдарды, коммуналдық қызметтерді: сантехниктерді, механизаторларды, трактористерді, экскаваторшыларды үгіттеу және насиҳаттау мақсатында "құтқару қызметі 911" (1989 жылы шығарылған) телесериалына үқсас көп сериялы фильм жасау.


8. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы



М. Шекенов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыш, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы



С. Жұнісов

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы



М. Шайдаров

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс жасау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы төрағасының орынбасары



Г. Данбаева